

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Академиялық кеңес  
мәжілісінде бекітілген  
оқу ісі бойынша проректор  
Оқу жұмысы жөніндегі проректор  
\_\_\_\_\_Хикметов А.К.  
Хаттама № 6  
« 22 » 06 2020 жыл

«8D04106 - МЕНЕДЖМЕНТ»  
МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША  
ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН  
МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ТҮСУ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

АЛМАТЫ - 2020

«8D04106 - Менеджмент» мамандығы бойынша бағдарлама Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартына сәйкес құрастырылған.

Бағдарлама құрастырған: э.ғ.д., профессор Сансызбаева Г.Н., э.ғ.к., доцент Сокира Т.С.

Бағдарлама «Менеджмент» кафедрасының мәжілісінде қарастырылған

Хаттама № 38 « 26 » 05 2020ж.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ э.ғ.д., профессор Тургинбаева А.Н.

ЭЖБЖМ әдістемелік бюросының мәжілісінде мақұлданған

Хаттама № 9 « 27 » 05 2020ж.

Әдістемелік бюроның төрайымы \_\_\_\_\_

Экономика және бизнес  
жоғары мектебінің деканы \_\_\_\_\_ э.ғ.д., профессор Сагиева Р.К.

Хаттама № 11 « 29 » 05 2020ж.

Ғалым хатшы \_\_\_\_\_ э.ғ.к., доцент Смагулова Г.С.

## **1 Жалпы ережелер**

Мамандық бойынша түсу емтиханының мақсаттары мен міндеттері

"8D04106 – МЕНЕДЖМЕНТ" мамандығының PhD докторантурасына түсу емтиханының мақсаты ғылыми-зерттеу және басқару қызметінің дағдыларын меңгерген, осы мамандықтың базалық пәндері бойынша жоғары деңгейлі магистратураны бітірушілерді іріктеу болып табылады.

Қабылдау емтиханының міндеттері:

- болашақ докторанттардың ақпаратты іздестіруді, іріктеуді, синтездеуді және нақтылауды жүзеге асыру қабілеті мен дайындығын бағалау;
- ғылыми-техникалық ақпарат ағымында бағдарлауға мүмкіндік беретін менеджменттің ғылыми негіздері саласында теориялық дайындық сапасын анықтау және өзінің практикалық қызметінде ғылым мен техниканың инновациялық жетістіктерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
- докторлық білім беру бағдарламасында оқуға түсушілердің оқу пәнін тануын бағалау;
- оқуға түсушінің оқу үрдісінде заманауи ақпараттық ресурстарды пайдалануға дайындығын бағалау;
- докторлық білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсушінің мотивациялық дайындығын анықтау.

Қабылдау емтиханының нысаны – жазбаша емтихан.

Емтихан тапсырушылар емтихан билетінің сұрақтарына жауап парақтарына өз жауаптарын жазады, оларды емтихан комиссиясы шифрленген түрде тексереді. Апелляция болған жағдайда жауап парағындағы жазбаша жазбалар қарау үшін негіз болып табылады.

## **2. Докторантураға түсетін тұлғалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің "8D041 – МЕНЕДЖМЕНТ" мамандығы бойынша докторантураның білім беру бағдарламасына "магистр" академиялық дәрежесі, сондай-ақ басқару саласында практикалық тәжірибесі бар тұлғалар қабылданады.

Оқуға түсуші докторантурада оқуға, сондай-ақ менеджмент саласындағы зерттеу және басқару қызметіне дайындалуға, зерттеудің заманауи әдістерінің әртүрлі арсеналын меңгеруге, әртүрлі есептеулерді жүргізу үшін мамандандырылған компьютерлік бағдарламаларды қолдана білуге тиіс. Сонымен қатар, оқуға түсуші келесі ғылыми-әдіснамалық дағдыларды және іскерлікті меңгеруі тиіс:

- зерттеудің проблемасын, мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау;
- зерттеудің тиісті әдістерін таңдау;
- қазіргі заманғы технологияларды тарта отырып, ақпараттық-аналитикалық және ақпараттық-библиографиялық жұмыстарды жүргізу;
- жиналған ақпаратты талдау және алынған нәтижелерді түсіндіру;
- қазіргі талаптарға сәйкес ресімделген есептер, рефераттар, мақалалар түрінде жасалған жұмыстың қорытындысын ұсыну.

«8D04106 – МЕНЕДЖМЕНТ» мамандығы бойынша докторнатура бағдарламасының пререквизитеріне келесі пәндер жатады:

1. OPNI 5206 – Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау - 3 кредит.
2. SSA 5207 – Заманауи стратегиялық талдау - 3 кредит.
3. UChR 5208 – Адам ресурстарын басқару - 3 кредит.

### **3. Пәндер бағдарламалары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

#### **3.1 Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау**

"Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау" пәнінің бағдарламасы»

Қолданбалы зерттеулер әдістемесінің негіздері. Қолданбалы ғылыми зерттеу жүргізу үрдісін ұйымдастыру. Методология қызметті ұйымдастыру туралы ілім ретінде. Ғылыми таным принциптері: детерминизм, сәйкестік және қосымша принциптері. Ұйымдастыру мәдениетінің жобалау-технологиялық типі. Ғылыми зерттеудің жобалау кезеңі: тұжырымдамалық кезең туралы жалпы мәліметтер, қайшылықтарды анықтау кезеңі. Мәселені қою (тұжырымдау) кезеңі. Зерттеу объектісі, пәні және тақырыбы. Зерттеу тәсілдері: жалпы мәліметтер, мазмұнды және формалды, логикалық және тарихи тәсілдер. Сапалық және сандық, феноменологиялық және мәндік, жеке және жалпы (жалпыланған) тәсілдер. Теориялық зерттеу нәтижелерінің дұрыстығын бағалау критерийлері. Бастапқы және қайталама көздерді талдау тәсілдері. Эмпирикалық зерттеу нәтижелерінің дұрыстығын бағалау критерийлері. Модельдеу сатысы (гипотезаны құру).

Зерттеуді құрастыру сатысы. Зерттеудің технологиялық дайындық сатысы. Әлеуметтік зерттеу бағдарламасының құрылымы. Нәтижелерді рәсімдеу кезеңі: жалпы мәліметтер, реферат, ғылыми мақала, ғылыми Есеп, ғылыми баяндама. Электрондық құжаттардың харатеристикасы: анықтамасы, негізгі ерекшеліктері мен түрлері, талдау тәсілдері. Эксперимент. Объектінің уақыт бойынша күйін зерттеу әдістері: жалпы мәліметтер, ретроспекция және болжау.

## **Ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

### **«Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау» пәні бойынша**

1. Шкляр, М. Ф. Основы научных исследований [Электронный ресурс]: Учебное пособие / М. Ф. Шкляр. - 5-е изд. - М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К°», 2018. - 244 с. - Режим доступа: <http://znanium.com/bookread2.php?book=415019>. - Загл. с экрана.
2. Космин В.В. Основы научных исследований (Общий курс) [Электронный ресурс]: учеб. пособие / В.В. Космин. - 3-е изд., перераб. и доп. - М. : РИОР : ИНФРА-М, 2017. - 227 с. - Режим доступа: <http://znanium.com/bookread2.php?book=774413>. - Загл. с экрана.
3. Овчаров, А.О. Методология научного исследования [Электронный ресурс]: учебник / А.О. Овчаров, Т.Н. Овчарова. - М.: ИНФРА-М, 2017. - 304 с. Режим доступа: <http://znanium.com/bookread2.php?book=894675>. - Загл. с экрана.

### **3.2 Заманауи стратегиялық талдау**

#### **Заманауи стратегиялық талдау пәнінің бағдарламасы**

Стратегиялық басқарудың мәні, объектілері және мәні. Стратегиялық және жедел басқару. Стратегиялық басқару функциялары. Ұйым қызметінің бағдары ретінде пайымы, миссиясы, мақсаттары, міндеттері. Компания миссиясын әзірлеу технологиясы. Компания миссиясының басқару функциялары.

Корпоративтік және бизнес-стратегия арасындағы айырмашылық. Деңгейлер мен стратегиялар. Ұйымның стратегиясын қалыптастырудағы талдаудың рөлі. Ұйымның жетістігінің негізгі факторлары.

SWOT-талдау жүргізу технологиясы мен тәжірибесі. Базалық даму стратегиялары. Қоршаған ортаның жағдайын бағалау әдістемесі, бизнестің мүмкіндіктері мен қауіптері, PEST-талдау. McKinsey матрицасы, оның артықшылықтары мен кемшіліктері. Бостон Консалтинг тобының матрицасы (БКГ). БКГ артықшылықтары мен кемшіліктері.

Ұйымның салалық құрылымын талдау, нарық тартымдылығының факторлары мен критерийлері, Портер бойынша 5 бәсекелес күштерді талдау. Кәсіпорынның бәсекелестік артықшылықтарын талдау.

Инновацияларды тиімді пайдалану стратегиясы. Тәуекелдерді талдау. Дифференциация мен сегменттеуді талдау.

## **Ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

### **«Заманауи стратегиялық талдау» пәні бойынша**

1. Грант Р. Современный стратегический анализ /Роберт Грант. - 9-е изд. - Санкт-Петербург: Питер, 2018. - 672 с.
2. Современный стратегический анализ: учебник и практикум для магистратуры/Н.А. Казакова. – 3-е издание, перераб. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2019. – 469 с.

3. Михненко П.А., Волкова Т.А., Дрондин А.Л., Вегера А.В. Стратегический менеджмент. – М.: изд-во «Синергия», 2018. – 279 с.

4. Петров А.Н. Стратегический менеджмент: учебник для вузов. – М.: Питер, 2015. – 400 с.

5. Современный стратегический анализ: учебное пособие/Е. Ю. Кузнецова и др.; под общей ред. проф., доктора экон.наук Е. Ю. Кузнецова. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2016. –131с.

6. Шичиях Р. А. Стратегический анализ: учебное пособие/Р. А. Шичиях, С. Н. Сычанина, В. М. Смоленцев. – Краснодар: КубГАУ, 2014. – 232 с.

7. Литвак, Б. Г. Стратегический менеджмент: учебник для бакалавров/ Б.Г. Литвак. — Москва: Издательство Юрайт, 2017. — 507 с.

8. Гэмбл, Джон. Стратегиялық менеджмент негіздері: бәсекелік артықшылыққа ұмытылу / Д. Гэмбл, М. Питереф, А. Томпсон ; ауд. Ж. Кушебаев ; жауапты шығ. Г. Н. Смағұлова, 2019. - 534 б.

### **3.3 Адам ресурстарын басқару**

#### **«Адам ресурстарын басқару " пәнінің бағдарламасы**

Персоналды басқару. Адам ресурстарын басқару. Кадрлық менеджмент" ұғымдарын түсіндіру. Курстың оқу пәні.

Курстың негізгі мазмұны. Кадрлық менеджмент мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың әзірлемелерінің сипаттамасы. Маман-менеджерді дайындау жүйесіндегі курстың орны мен рөлі. Курстың басқа пәндермен байланысы.

Адам ресурстарын басқару жүйе ретінде. Адам ресурстарын басқару жүйесінің негізгі элементтерінің қысқаша сипаттамасы.

Еңбек ресурстарын басқарудың мемлекеттік жүйесі. Адам ресурстарын басқару принциптері мен әдістері.

Адам ресурстарын басқару және ұйымдастыру мақсаттарының жиынтығы. Адам ресурстарын басқару субъектілері. Желілік басшылар мен персоналды басқару жөніндегі мамандар арасында міндеттерді бөлу. Персоналды басқару қызметінің функциялары.

Ұйымның кадрлық саясаты. Кадр саясатының негізі ретінде адам ресурстарын басқару стратегиясы. Кадр саясатының мысалдары. Кадрлық жоспарлаудың мәні, мақсаты және міндеттері. Персоналмен жұмыстың жедел жоспары. Жоспарлау қажеттілігін. Жоспарлы мақсаттарды қою ережелері: мақсаттардың бағыттылығы, мақсаттарды тігінен келісу, мақсаттарды көлденең келісу.

Персонал бойынша жоспарлы көрсеткіштердің құрылымы: ұйымның жоспарлы мақсаттары, бөлімшелер мен лауазымдардың жоспарлы көрсеткіштері, қызметтің түйінді көрсеткіштері, қосымша көрсеткіштер. Персоналға шығындарды бағалау. Персонал шығындары үшін жауапкершілік. Өкілеттілікті беру.

Лауазымға кіріспе (бағдар): мәні, мақсаты, міндеттері, формалары.

Қызметкерлердің кәсіби бағдарын басқаруды ұйымдастыру. Персоналдың бейімделуінің мәні, мақсаты және кезеңдері. Персоналдың еңбек нәтижелерін дәстүрлі бағалау әдістері. Персоналды басқару нәтижелерін бағалау. Бағалау бағыттары: нәтижелілік, тиімділік, пайдалылық.

### Ұсынылатын әдебиеттер тізімі «Адам ресурстарын басқару» пәні бойынша

1. Горбунова М. Ю. Кадровый менеджмент и психология управления (учебное пособие). – М.: Издательство Владос-Пресс, 2012. - 224 с.
2. Базаров Т.Ю. Управление персоналом. Практикум: Учебное пособие для студентов вузов. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2012. - 239 с.
3. Куприянчук Е.В. Управление персоналом: ассесмент, комплектование, адаптация, развитие: Учебное пособие / Е.В. Куприянчук, Ю.В. Щербакова. - М.: ИЦ РИОР, НИЦ ИНФРА. – М., 2013. - 255 с.
4. Алавердов А.Р. Управление персоналом: Учебное пособие / А.Р. Алавердов, Е.О. Куроедова, О.В. Нестерова. - М.: МФПУ Синергия, 2013. - 192 с.
5. Яхонтова Е.С. Стратегическое управление персоналом: Учебное пособие / Е.С. Яхонтова. - М.: ИД Дело РАНХиГС, 2013. - 384 с.
6. Соломанидина Т.О., Соломанидин В.Г. Мотивация трудовой деятельности персонала. –М.: Издательство Юнити-Дана, 2010. – 312 с.
7. Армстронг М. Практика управления человеческими ресурсами. / Пер. с англ. под ред. С.К. Мордовина. СПб: Питер, 2010.
8. Щекин Г.В. Основы кадрового менеджмента. – Киев, 2010.

### 4. Емтихан нәтижелерін бағалау шкаласы

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	Қанағаттанарлық
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Пән аяқталмаған (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
I (Incomplete)	-	-	
P	-	-	

(Pass)			<i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
NP (No Pass)	-	-	« Есептелінбейді» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
AW (Academic Withdrawal)			Пәннен академиялық себеп бойынша алып тастау <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
AU (Audit)	-	-	« Пән тыңдалды» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i>
Атт-ған		30-60 50-100	Аттестатталған
Атт-маған		0-29 0-49	Аттестатталмаған
R (Retake)	-	-	Пәнді қайта оқу

Емтихан жұмыстарын бағалау 100-баллдық шкала бойынша білім алушының жауабының толықтығымен анықталады:

Баға	Критерийлер	Шкала, балл
А Өте жақсы	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Барлық теориялық сұрақтарға толық және нақты жауап береді және дайындық бағыты бойынша іргелі ғылыми негіздемесі берілген.</li> <li>2. Басқару процесінде басқару қызметін жүйелік тұрғыдан түсінген және сыни талдау, жаңа және күрделі идеяларды бағалау шеберлігін көрсетеді.</li> <li>3. Ұйымда пайда болған басқарушылық мәселелерді тиімді шешу дағдыларын көрсетеді және тәжірибелік тапсырмалар толық шешіледі.</li> <li>4. Басқару саласында заманауи ғылыми және тәжірибелік мәселелерді қалыптастыра және шеше біледі.</li> </ol>	95-100
А- Өте жақсы	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Барлық теориялық сұрақтарға толық және нақты жауап береді;</li> <li>2. Менеджмент аясында тәжірибелік тапсырмалар толық шешіледі.</li> <li>3. Материал логикалық дұрыс құралған және берілген.</li> <li>4. Зерттеу және басқарушылық қызметті жүзеге асыра алатыны жауаптардан байқалады.</li> </ol>	90-94
В+ жақсы	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс, бірақ толық емес жауап, ұйымды басқаруға қатысты өте маңызды емес қателіктер мен анықтамаларда дәлдіктің жетіспеушілігі.</li> <li>2. Тәжірибелік тапсырмаларға дұрыс және басқарушылық мәселелерді өз деңгейінде шеше біледі, бірақ оларды шешуде аса маңызды емес қателіктер бой алдырды.</li> <li>3. Ұйымда пайда болған басқарушылық мәселелерді шешу үшін және ғылыми міндеттерді қою үшін жаңа әлеуметтік білім мен дағдылар көрсетілді.</li> </ol>	85-89
В жақсы	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс, бірақ толық емес жауап, ұйымды басқаруға қатысты маңызды емес қателіктер мен анықтамаларда дәлдіктің жетіспеушілігі.</li> </ol>	80-84



	<p>2. Тәжірибелік тапсырмаларға дұрыс және басқарушылық мәселелерді өз деңгейінде шеше біледі, бірақ оларды шешуде маңызды емес қателіктер бой алдырды.</p> <p>3. Материал логикалық дұрыс құралған және берілген, бірақ емес қателіктер бой алдырды.</p>	
В-жақсы	<p>1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс, бірақ толық емес жауап, менеджментке қатысты маңызды емес қателіктер мен анықтамаларда дәлдіктің жетіспеушілігі.</p> <p>2. Тәжірибелік тапсырмаларға дұрыс және басқарушылық мәселелерді өз деңгейінде шеше біледі, бірақ оларды шешуде қателіктер бой алдырды.</p> <p>3. Материал логикалық дұрыс құралған және берілген, бірақ қателіктер бой алдырды.</p>	75-89
С+ қанағаттанарлық	<p>1. Барлық теориялық сұрақтарға негізінде дұрыс, бірақ толық емес жауап, логикалық маңызды емес қателіктер орны алды.</p> <p>2. Тәжірибелік тапсырмалар орындалған, бірақ толық емес, алайда көп бөлігі шешілген.</p> <p>3. Материал дұрыс берілген, бірақ логикалық құрылымы бұзылған.</p>	70-74
С қанағаттанарлық	<p>1. Барлық теориялық сұрақтарға жауап берілген, бірақ толық емес жауап, логикалық қателіктер орны алды.</p> <p>2. Тәжірибелік тапсырмалар толық орындалмаған.</p> <p>3. Материал берілген, бірақ логикалық құрылымы бұзылған.</p>	65-69
С- қанағаттанарлық	<p>1. Барлық теориялық сұрақтарға жауап берілген, бірақ толық емес жауап, басқарушылық қызметтің мәнін ашпайды, логикалық қателіктер орын алды.</p> <p>2. Тәжірибелік тапсырмалар орындалмаған;</p> <p>3. Материал логикалық тұрғыдан бұзылған.</p>	60-64
D+ қанағаттанарлық	<p>1. Барлық теориялық сұрақтарға жауап беруде көп қателіктер бар.</p> <p>2. Тәжірибелік тапсырмалар орындалмаған;</p> <p>3. Жауап беруде грамматикалық және терминалогиялық, логикалық қателіктер орын алды.</p>	55-59
D қанағаттанарлық	<p>1. Барлық теориялық сұрақтарға жауап беруде жол берілмейтін қателіктер бар.</p> <p>2. Тәжірибелік тапсырмалар орындалмаған;</p> <p>3. Жауап беруде грамматикалық және терминалогиялық, логикалық қателіктер орын алды.</p>	50-54
F қанағаттанарлықсыз	<p>1. Барлық теориялық сұрақтарға жауап беруде жол берілмейтін қателіктер бар.</p> <p>2. Тәжірибелік тапсырмалар орындалмаған және ақпаратты өңдей алмайтындығы анық.</p>	0-49